

2025–2026 оқу жылына пән мұғалімдеріне әдістемелік колдау бойынша «Мен – Ұстазбын» жобасының жоспары

Жобаның мақсаты:

Пән мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру арқылы сабақ беру құрылымын жетілдіру және білім сапасын арттыру.

Жобаның міндеттері:

1. Сабақ құрылымын тиімді жоспарлауға әдістемелік колдау көрсету.
 - Сабақтың кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерін дұрыс ұйымдастыру жолдарын үйрету.
2. Оқу мақсаттарына сай тапсырмалар құрастыру дағдысын дамыту.
 - Денгейлік тапсырмалар, сараланған оқыту әдістерін тиімді пайдалану жолдарын үйрету.
3. Педагогтердің үздік тәжірибесін тарату және ынтымақтастық орта қалыптастыру.
 - Жетістікке жеткен ұстаздардың тәжірибесін бөлісу алаңдарын ұйымдастыру

Күтілетін нәтижелер:

- Пән мұғалімдері сабақ құрылымын тиімді жоспарлай алады.
- Оқу мақсаттарына сай тапсырмалар құрастырып, оларды бағалау критерийлерімен сәйкестендіре алады.
- Сабақ барысында белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану жиілейді.
- Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі мен білім беру сапасы артады.
- Мұғалімдер арасында кәсіби бірлестік пен ынтымақтастық артады.
- Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы мен үлгерімі жақсарады.

Айы	Іс-шара атауы	Мазмұны/Мақсаты	Жауапты
Қыркүйек	Жыл басындағы әдістемелік кеңес (шығармашылық топтың таныстырылуы:презентация) Диагностикалық колдау көрсету аймағын анықтау	Жана оқу жылы талаптарымен таныстыру, жоспарлау үлгілерін ұсыну	Шығармашылық топ
Қазан	Шығармашылық топ отырысы: колдау траекториясы Сабақ құрылымының сабақ мақсатына сәйкестігін түсіндіру	Сабақ элементтерін нақты жоспарлауға үйрету	Пән ұстаздары